

* * *

В статье рассматриваются прагматические компоненты медиатекста. Разносторонне описывается прагматическая функция текста. Классифицированы объекты прагматики и закреплены примерами. Оцениваются новые языковые тенденции в медиaprостранстве.

* * *

The article deals with pragmatic components of a media text. Diversify pragmatic function is described by the text. Classified objects pragmatists, and fixed examples. Estimate the new language trends in the media.

Ішкі тілдік факторлардың әсерінен туындайтын жаңа қолданыстар

Е. Ильясов

өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың II курс магистранты, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Мақалада қазақ тілінің бүгінгі таңдағы жиі қозғалып, ұдайы айтылып жүрген лексикалық қабатындағы өзгерістер туралы сөз қозғалады. Дәлірек айтқанда, тіліміздің ішкі дамуының көрінісі, яғни ішкі тілдік факторлар әсерінен соңғы жылдардағы туындаған жаңа қолданыстар туралы айтылады. Мақала филология мамандығының бакалавр, магистр, PhD докторанттарына және барша қазақ тілді қауымға арналған.

Адамзат тілінің жүйесі – сан-салалы, көп қырлы процесс. Оның даму жүйесі өзіне тән түрлі заңдылықтардың болуымен ерекшеленеді. Лексикалық өзгеріс өзге тілден сөз алумен ғана емес, ішкі және сыртқы факторларға қатысты тілдік қатынас негізінде туған тіліміздің мағыналық, тұлғалық дамуға түсіп өрбуі нәтижесінде туынды сөз жасалуы арқылы іске асады. Осы тұрғыда, тілдік қатынас нәтижесінде туындаған қазіргі қазақ тілінің лексикалық қабатындағы өзгерістер – жаңа сөздердің келуіне ықпал жасайтын бірден-бір құбылыс саналады.

Тілдік қатынас – күрделі қоғамдық-әлеуметтік құбылыс. Бұл саланың басқа ғылымдар негізінде қалыптасып, тіл білімінде жетекші орын ала бастауы – талай жылдардың жемісі. Тілдік қатынастың лингвистикалық негізі қарым-қатынас құралы тілге байланысты екені анық. Лингвистика тіл туралы ілім болса, тілдік қатынас сол тілдердің қарым-қатынасқа қатысты нәтижелердің ерекшеліктерін қамтиды.

Тілдік қатынас қатысымдық тұлғалар арқылы жүзеге асады. Оның қоғамда алатын орнын тілдің атқаратын қызметінен көруге болады. Қатысымдық тұлғалар тіл ғылымының салалары – фонетика лексикология, морфология, синтаксис деңгейлерінде көрінеді.

Қазақ тіл білімінде қазақ тілінің лексикалық өзгеру мәселесіне ұдайы назар аударылып келеді. Егер орыс тіл білімінде бұл мәселе сан алуан теориялық зерттеулердің, ғылыми-көпшілік мәндегі еңбектердің, оқулықтардың және алуан түрлі сөздіктердің шығуы нәтижесінде

біршама шешімін тапса, қазақ тіл білімінде тілдік қатынас нәтижесінде қазақ тілінің лексикалық өзгеруінің сыр-сипаты, табиғаты мен өзіндік айырым белгілері турасында нақты теориялық тұжырым қалыптаса қойған жоқ.

Қоғамның әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени, рухани өміріндегі елеулі өзгерістер қазақ әдеби тілінің жай-күйі мен коммуникативтік қызметіне де қозғау салды. Ғылым мен техниканың жаңалықтарын айтпағанда, қоғамдық құрылыстың жаңа сатыға аяқ басуы, ұлттық тілге деген қоғамдық, халықтық көзқарастың тың сипат алуы тіл дамуына ерекше ықпал етті. Аталған жағдаяттар қазақ тілі коммуникативтік қызметінің өрістеуіне кеңінен жол ашты.

Соңғы 20 жыл төңірегінде қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамы сапалық жаңаруды, түлеуді бастан өткеруде. Жаңғыру процесі негізінен номинативтік атауларды жасау, төл тілдік терминдер жүйесін одан әрі жетілдіру процесі арқылы көзге түседі. Белгілі бір заттың, құрал-жабдықтың, құбылыстың, ұғым-түсініктің нақты атауын беру үшін, сондай-ақ терминдік ұғымдарды қалыптастыру мүддесінде, өзге де сыртқы тілдік және ішкі тілдік себеп-салдарларға орай, қазіргі қазақ әдеби тілі сөздік құрамының қатары әр алуан соны сөздермен, тың тіркестермен көбейе түсті. Ал әрбір жаңа сөз, әрбір тың сөз тіркесі ғылым тарапынан елеп-екшеуді қажет етеді. Демек, қазіргі қазақ әдеби тілі лексикалық құрамына қосылып, айналымға түсе бастаған соны сөздер мен тың орамдарға зерттеу, талдау жүргізу, олардың табиғатын, сыр-сипатын, ішкі белгілері мен өзге де айырым

белгілерін талдау қажеттігі және бұл мәселенің бүгінгі таңда барынша өзекті мәселеге айналып отырғандығы дау туғызбайды. Қазақ тілінде шығатын газет-журналдардың, кітаптардың, радио және телехабарлардың саны соңғы он жылда көбейді. Қазақ тілінің жай-күйі мен қызметіне тікелей байланысты осы құбылыстар ана тілін, әсіресе оның лексика саласын өзгеріске түсірді. Бұл өзгеріс негізінен сөздік құрамның қатарына сан алуан жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің келіп қосыла бастауынан айқын көрінеді.

Тілдің өз заңдылығы, өз табиғаты тіл дамуы барысында жекелеген атаулардың жаңғыруын, тың баламасы жасалуын немесе кейбір атаулардың нақтылануын, қамтитын мағыналары жағынан саралануын керек етіп отырады. Бұл құбылыс – тілдің өз талап-мүддесі сырт қарағанда елеусіз, өйткені ол тілдің дамуымен, оның стильдік ерекшеліктерімен тығыз байланыста болады да, айрықша көзге түсе бермейді. Жаңа қолданыстардың жасалуына әсер ететін ішкі тілдік себеп-салдарларды, күш-ықпалдарды бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады, ашып айтқанда, тілдің үнемдеу заңдылығына сәйкес жасалған жаңа қолданыстар, экспрессивті-көркемдеуіш қызметке орай жасалған жаңа қолданыстар, нақтылау, бір тектес ұғымдарды бірыңғай атау және ұғымдарға затқұрал-жабдықтарға, олардың бөлік-бөлшектеріне дара, дербес атау беру, саралау мүдделеріне бағына жасалған жаңа қолданыстар.

Тілдің үнемдеу заңдылығына сәйкес жасалған жаңа қолданыстар

Үнемдеу заңдылығы – тіл-тілдердің қай-қайсысына да және тілдің барлық қаттауларына да тән құбылыс. Әдеби тілдің ауызша түрінде, күнделікті тұрмыстық ауызекі сөйлеу тілінде, сондай-ақ жазба тіл үлгілерінде де бұл заңдылық үлкен қызмет атқарады.

Тілдің сөздік құрамында бұрыннан бар сөз тіркестері немесе сипаттама, түсіндірме жолымен берілген атауларды жазба тіл үлгілері мүмкіндігінше жаңа коммуникациямен – бір сөзбен алмастырып беруді әрдайым жүзеге асырып отырады, бұның өзі тілдің сөздік құрамының толығына, тың деривациялық тұлғалардың пайда болуына, сөздердің тіркесімділік қабілетінің артуына жол ашады. Бұны қазақ әдеби тілі терминологиялық жүйесінің қалыптасуы, жетілу жолдарынан көруге болады. Айталық, 1960-1969 жж. қазақ мерзімді баспасөзінде сипаттама, түсіндірме, суреттеме жолымен (сөз тіркестерімен) жасалған бірқатар терминдер

бар. Мысалы, *күресіп жатқан халық*, «... дамып келе жатқан», «тұрмыс жағынан қамтитын комбинат», «мәңгі сөнбейтін от», *көруші қауым*, «спорт жанашырлары», «ғылыми түсінік беруші» және т.б [1]. Ал қазіргі кезде аталған сөз тіркестерінің сыртқы құрылымы ықшам, бір лексема деңгейіндегі баламалары орнықты: *күресуші халық*, *дамыған мемлекет*, *тұрмыстық комбинат*, *мәңгілік алау*, *көрермен*, *жанкүйер*, *түсініктемеші*.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін өткен ғасырдың 80-жылдары шыққан спорт терминдері сөздігіндегі материалдар мен олардың қазіргі баламаларын салыстырайық. Терминдердің аталған сөздіктегі берілуі: *екі сатылы жарыс*, *он сатылы жарыс*, *конькимен бейне жасап тебу*, *ортадағы қорғаушы*, *ортадағы шабуыл жасаушы*, *стол үсті теннисі*, *шөп үстіндегі хоккей*, *рапирамен сайысу* [2, 96 б.]. Байқағанымыздай, сөздікте терминдердің мәні дефинициясын түсіндіру, мағынасын суреттеп, сипатын беру тәсілі арқылы ашылған. Ал қазіргі баспасөз тілінде осы аталған атаулардың мейлінше ықшам, үнемді формалары орныққан: *қоссайыс (екі сатылы жарыс дегеннің орнына)*, *онсайыс (он сатылы дегеннің орнына)*, *орталық шабуылшы (ортадағы шабуылшы дегеннің үнемді баламасы)* *мәнерлеп сырғанау (конькимен бейне жасап тебу деген сөз тіркесінің орнына)*, *допты хоккей (шөп ...)* және т.б.

Бір лексема немесе мейлінше қысқа тұлғалы атаумен берілетін коммуникациялардың бірнеше артықшылықтары бар. Сөз тіркесінің құрамындағы компоненттер – тілде бұрыннан бар сөздер, ал бір сөзбен жасалған жаңа тұлға – тың лексикалық бірлік, ол тілдің сөздік құрамын байытады; бір атаудың – бір лексеманың деривациялық қабілеті бар, ол сөзден туынды сөз тудыру және тіркестер жасауға қабілетті.

Тілде бұрыннан бар, қалыптасқан, нормалы атауларды жаңа сөзбен ауыстыру, жаңғырту себептері, міне атап өткен жағдайларға байланысты. Сондықтан да қазіргі қазақ баспасөзі бір алуан номинациялардың «қысқарған», ықшамдалған тұлғаларын қалыптастыруға ұмтылыс жасап жүр. Мысалы, *баспа қызметкері* дегеннен гөрі *баспагер* деп қолдану орын алып келеді, *айтысқа қатысушы адам* дегеннің орнына *айтыскер* деп қолдану үрдіс алуда, ал жаңа қоныстанушылар тойы дегеннің орнына қоныстой деп қолдану да бар.

Үнемдеу принципін басшылыққа ала отырып, баспасөз тілі жаңа қолданыс жасауға сөз біріктіру тәсіліне көбірек иек артуда. Осы заң-

дылаққа сай баспасөз тілі изафет құрылымды сөз тіркестерін де «ықтималдық» бірлікте жасауға, сөйтіп, тың туынды тұлға жасауға мейлінше бейім тұрады, мысалы, *ата тегі – ата-тек* (предки). *Өйткені бұлардың ататек кітабындағы бар айрықша сол...* [3], *лақап аты – лақапат; ел таңбасы – елтаңба; бет пердесі – бетперде; құлақ қабы – құлаққап*. Мұндай құбылыс тіл білімінде «процесс включения» деп аталады [4, 13 б.].

Экспрессивтік-көркемдеуіш қызметке орай жасалған жаңа қолданыстар

Бұл ішкі тілдік стимул бойынша жасалған жаңа сөздер мәнмәтінде негізінен синонимдік қызмет атқарады және осы қызмет үшін пайда болады. Алайда олардың қатарында синонимдік реңінен ажырап, терминдік деңгейге көтерілген жаңа қолданыстар да жоқ емес. Мысалы: *айдар, сұхбат, гарыш, шеру, тыңгер (тың игеруші), гарышкер, отшашу, қолүздік, бопса, ауыздықтау* және т.б.

Өзіндік тілдік стильдік ерекшеліктері айқын қалыптасқан баспасөз тілі әрдайым тілдік автоматизмді, «бір белгі (знак) бір мағына» сызбасын бұзып, байырғы номинацияның жаңа, образды баламаларын жасап отырады. Олардың бір легі баспасөз тілінде біршама уақытқа дейін бояулы реңімен синоним қызметінде жұмсала алады, ал енді бірқатары қолданыс жиілігі арта келе, осы реңінен ажырап, терминдік дефиницияны бере алатын дәрежеге көтеріледі. Бұған *космос* терминінің экспрессивті синонимі ретінде пайда болған *гарыш* сөзінің одан әрі дамуы дәлел. Бұл лексеманы термин деп атауға толық мүмкіндік бар, өйткені ол әдеби тілдің барлық стильдік тармақтарында, әсіресе ресми құжаттар тілінде орнықты.

Біртектес ұғымдарды бірыңғай атау принципі бойынша жасалған жаңа қолданыстар

Бір топқа, бір тек түрге жататын бірыңғай реалий атауларын бір жүйемен қалыптастыру, олардың бір амал-тәсілмен жасалған номинациясын беру – тілдің жетілгендігінің, сұрыпталғандығының белгісі. Осы принципті тілдің өз ішкі заңдылығы қажет етеді. Айталық, *-хана* жұрнағы, кейінгі кезеңге дейін сөз тудыру процесіне бөсең араласып келді, 1960 жж. осы тұлғаның көмегі арқылы *шеберхана, емхана* типтес бірер сөз ғана жасалған болатын. *-Хана* қосымшасының «мекен, орын, адамдардың қызметіне, жұмысына, тұрмыс-тіршілігіне және т.б. қажетті тұрғынжай дегенді білдіре алатын түпкі араб-парсының мағынасы қазір бір алуан жаңа қолданыстардың жасалуына арқау болып отыр.

Мысалы: *қымызхана, шұбатхана, дәріхана, дәрісхана, дәмхана, мейрамхана, т.б.*

-жай, -хат, қағаз, таным, тану, қан, шым, жол, сауыт тәрізді нақты мағынадан гөрі жалпы мағынаны иелене бастаған бірқатар біріккен тұлғалардың жасалуына сүйеніш болып бірыңғай атаулардың номинациясын жүйеге түсіруге ат салысады. Мысалы:

-жай: тұрғынжай, көрмежай, мұражай, жағажай, өнержай, әуіежай, саяжай, гарышжай, мекенжай;

- таным: дүниетаным, кинотаным;

- тану: сәкентану, абайтану, ахметтану, шығыстану, өлкетану, т.б.

- қап: құлаққап, түнемелқап.

Саралау принципі бойынша жасалған жаңа қолданыстар

Бұл да тілдің ішкі стимулдарының бірі. Әдеби тіл жетілген сайын бүтіннің бөлшектерін, құрал-жабдықтау детальдарын дара, дербес атаумен беруге ұмтылуы – заңды құбылыс. Осы ретте соңғы жылдары бірқатар жаңа қолданыстар дүниеге келді. Мәселен, қазақ тілінде *үй* деген сөз бірнеше ұғымды қамтиды.

1. Адам тұратын, мекендейтін баспана.

2. Ауыспалы. Бірге тұратын адамдар, үй іші.

3. Белгілі бір қоғамның қажеті үшін пайдаланылатын мекеме [5, 526 б.]. Яғни *үй* сөзі жалпы ұғымның да (баспана, мекеме, орын), осы ұғымнан тараған түрлерінің (мекеме орны, баспана), сонымен қатар ауыспалы ұғымның да (семья) номинациясында жұмсалады. Стильдік тармақтарда өзінің семантикасын толықтырып тұратын анықтаушы компонентпен тіркескенде ғана *үй* сөзінің қандай ұғым түсінікке атау болып тұрғандығы анықталады. Осындай кедергілерден арылу үшін қазір баспасөз тілінде *гимарат, тұрғынжай*, (корпус, күрделі архитектуралық құрылыс деген мағынада), *отбасы* (өзге де лексикалық дублеттері бар) «жанұя» мағынасында деген жаңа қолданыстар жұмсала бастады, бұл лексикалық бірліктер «үй» сөзінің жалпы атауға қарай ығысуына жол ашты.

Ескерткіш деген сөз қамтитын бірнеше ұғымдарға дара атау телу мақсатында (белгілі бір адамға, қоғам қайраткеріне қойылатын белгі – Абай ескерткіші; жазба ескерткіш – жазылған тарихи дүние, жазба ескерткіш мағынасында) *жәдігер, мұрағат* сөздері – көне тарихи элементтер пайдаланыла бастады. *Жәдігер* сөзі көбіне көп реликвия деген мағынада, ал *мұрағат* «жазылып қалдырылған ескерткіш» мағынасында жұмсалады: *Бізде бұрыннан өткен бабаларымыздан қалған ондай мұрағаттар*

баршылық [6]. Қазіргі ұғымдағы Ғылым академиясы, ... кітапханалар, обсерватория көне шығыс мәдениетінің жазба жәдігерліктерін жаңғырту мақсатымен ... [1].

Сонымен, қазақ тіліндегі жаңа қолданыстардың жасалуына түрткі болатын әлеуетті факторлардың бірі – ішкі тілдік жағдайлар, қоғам өзгерістері мен жаңалықтары болса, тілдің өз талабы, өз заңдылығы да әр алуан тың орамдар мен соны сөздердің айналымға түсуіне ықпал жасайды. Жаңа белестерді еңсеріп келе жатқан қазіргі қазақ тілінің алдағы уақытта ішкі тілдік факторлардың әсерінен әлі де толығып жетіле түсетініне тілдің толассыз іштей дамуы мен қоғамның барлық саласындағы күнделікті өзгерістер айқын дәлел.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

1. «Социалистік Қазақстан», 1969, 2 қазан. («СҚ», 1969, 9 қазан), («СҚ», 1964, 4-25 қазан), («СҚ», 1965, 3 қараша), («СҚ», 1965, 6 қараша), («СҚ», 1969, 3 қазан), («СҚ», 1984, 5 қазан).
2. Орысша-қазақша терминологиялық сөздік.

Физкультура мен спорт. – Алматы: Ғылым, 1962.

3. Қонысбай Қ. Тіл біліміндегі өзекті проблемалар // Ақиқат Таңы, 2001, 19 қыркүйек.
4. Горбачевич К.С. Нормы современного литературного языка. – М.: Просвещение, 1978. – 139 с.
5. 29 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық / Жалпы ред. Басқарған А.Ы. Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1974-1986.
6. Дунабай Ж. Қазақ лингвистикасының бүгіні мен болашағы // Егемен Қазақстан, 1997, 19 ақпан.

В статье рассматриваются языковые изменения казахского языка на лексическом уровне, происходящие в современном обществе в результате различных процессов. Изменения связаны с различными внутренними и внешними факторами. Материалы исследования могут быть полезны бакалаврам, магистрантам и докторантам PhD филологических специальностей.

The article deals with the language changes of the Kazakh language at the lexical level, taking place in modern society as a result of different processes. Changes related to various internal and external factors. Materials research may be useful to bachelors, masters and PhD Philological specialties.

Кабир Дастың ақындық мұрасы мен оның зерттелу тарихы

С. Исмагулова

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың I курс магистранты, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Берілген мақала ортағасырлық Үндістанның атақты мистик-ақыны, Сант Кабир Дастың әдеби шығармашылығының зерттелу тарихын қарастырады. Автор тек кеңестік дәуір мамандарының ғана емес, сонымен қатар, батыс және үнді зерттеушілерінің еңбектеріне сүйенеді. Зерттеуші сондай-ақ, қазақ шығыстануында Кабир әдеби мұрасының зерттелмегендігін ескеріп, еліміздің үндітанушы мамандарының алдында өз шешімін күтіп тұрған бұл мәселеге назар аудару қажеттігін айтады.

Ортағасырлық үнді әдебиетінде өзіндік із қалдырған әйгілі ақын, Кабир Дас поэзиясының ауқымы тек үнді оқырманымен ғана шектелмейді. Кабир өлеңдерін неше жүз жылдан бері солтүстік Үндістанның білімді пандиттері де, сауаты жоқ қарапайым халқы да, тіршіліктен баз кешкен аскеттері де, дәстүрлі музыканттары да бірдей құрмет тұтып келеді.

Заманында асқан дарандылығымен қарапайым халықтың зор ықыласына бөленген ақынды кейінгі ұрпақ Сант Кабир Дас ретінде таниды. Сант термині ағылшын тіліндегі saint – “қасиетті, әулие” сөзіне мағынасы жағынан өте жақын

келгендіктен екеуінің арасында қандай да бір этимологиялық байланыс болуы керек деген түсінік жиі туындайды. Шындығында, saint – латын тілінің sanctus (қасиетті) деген сөзінен шыққан, ал *sant* санскрит тілінде кездесетін *sat* сөзінің бір баламасы болып табылады. Ақиқат пен шындық дегенді білдіретін бұл екі сөздің де мағыналары астасып, бірін бірі алмастыра алады [1, 46 б.].

Кабир стилі қысқа да нұсқа әрі мағыналы. Оның өлеңдері Құдайдың қасиеттерін нақты тәжірибеге сүйене отырып, айқындап ашып бере алатын нағыз ұстазға деген асқақ сезім